

«Келісілді»

**Атырау облысының
қорғаныс істер жөніндегі
департамент бастығы полковник
полковник ___ Б. Акбалиев**

« ___ » _____ ЖЫЛ

«Бекітемін»

**Атырау аймақтық дене
тәрбиесі және спортты
дамыту орталығының
директоры ___ С.Жекенов**

« ___ » _____ ЖЫЛ

«Жас Ұлан» әскери-патриоттық клубтарының облыстық слетін өткізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Жас Ұлан» әскери-патриоттық клубтарының облыстық слетінің ақтық мәресінің (бұдан әрі – Облыстық слет) мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландыруды анықтайды.

1.2. Облыстық слеттің мақсаты: Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту бойынша жұмыстардың мазмұнын жетілдіру.

1.3. Облыстық слеттің міндеттері:

-ойын әрекеті негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;

-салауатты өмір салтын қалыптастыру және қолданбалы спорт түрлерін насихаттау;

-өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;

жасақтар арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

1.4. Әділ қазылар алқасының құрамын Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы қалыптастырады.

1.5. Облыстық слеттің ұйымдастырушылары Ұйымдастыру комитетін қалыптастырады.

2. Облыстық слеттің уақыты мен орны

2.1. Облыстық слет Атырау облысының Атырау қаласында ___ жылдың ___ күні № ___ мектеп базасында өткізіледі. Келу күні _____ жылғы _____, қайту күні _____.

2.2. Аудандардың, Атырау қаласының білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі қойылған байқауға қатысу туралы өтініш (үлгі бойынша) _____ жылдың _____ дейін келесі мекен-жай бойынша: 060011 Атырау қ., Әйтеке би, 22, Kabinet_nvr@mail.ru электронды поштасына қабылданады, телефон: 8 (7122) 27-24-09.

3. Облыстық слетке қатысушылар

3.1. Облыстық слеттің ақтық мәресін аудан-қалаларда өткізілген әскери-патриоттық клубтардың, кадет сыныптарының жеңімпаз командалары қатысады.

Команда құрамында 10 адам: 9 қатысушы және бір жетекші. 15-16 жастағы ұлдар мен қыздар қатысады (7 ұл, 2 қыз).

3.2. Облыстық слетті өткізу орнына дейін жету жолында, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен

денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік аудандардың, қалалардың білім бөлімдері анықтаған топ жетекшісіне жүктеледі.

Әрбір қатысушы Облыстық слетті өткізу орнына дейін жету кезінде, Облыстық слетті өткізу барысында және тұрғылықты жерлеріне кері қайту кезінде өз заттарының қауіпсіздігіне жауапты.

3.3. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің Облыстық слеттің аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы және Облыстық слетке қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған күні, айы, жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру мекемесінің мекен-жайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, номинациясы, жұмыстың атауы, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны, қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы);

3) барлық қатысушылар мен топ жетекшілерінің жеке басын куәландіретін құжаттарының көшірмесі;

4) дәрігердің қолы және мөрімен расталған, дене жүктемелеріне рұқсаты бар денсаулығының жағдайы туралы анықтамасы;

5) фотосуреті бар және білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан анықтама;

6) топтың сақтандыру полисі;

7) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;

8) қатысушылардың ата-аналарының сенімхаттары.

3.4. әрбір қатысушылардың барлығында:

парадтық киім үлгісі: салтанатты (сол жеңінде эмблема мен ерекшелік белгісі бар);

дала формасы;

спорттық форма (суға түсуге арналған киім және бас киім т.б.);

жеке гигиена бұйымдары болуы тиіс.

3.5. Әрбір команда дәріхана қорапшасын және пневматикалық мылтық пен оқтарын (пульки), оқ жинайтын оқжатарын алып келуі тиіс.

4. Облыстық слетті өткізу шарттары мен тәртібі

4.1. Балаларды бұқаралық іс-шараларға араластыру арқылы Облыстық слет екі кезеңде өткізіледі:

1) бірінші кезең – мектепішілік;

2) екінші кезең – топтық

3) үшінші кезең - аудандық (қалалық);

4) төртінші кезең – Облыстық.

16. Облыстық слет келесі жарыс түрлері бойынша өткізіледі.

1) Командалардың презентациясы.

Көркемдік түрде командалар өз туған өлкесі, көрікті жерлері, салт-дәстүрімен таныстырып өтеді, өз клубының (бірлестігінің) жұмысымен таныстырады. Ұзақтығы - 5 минуттан аспауы тиіс. Белгіленген уақыт бұзылған жағдайда әділ қазылар алқасы командаларды тоқтатады.

2) Тарихи-іздеу зерттеу жобасын қорғау.

Байқауға командадан 2 адам қатысады. Әрбір ұсынылған тақырыптардың біріне жоба ұсынылады. Ғылыми жобалар байқауын қорғау үшін дерексіз сипаттағы жұмыстарға жол берілмейді. Жобаны қорғау кестесі – 5 минуттан

аспайды. Демонстрациялық материалды (макеттер, үлгілер, бейне және т.б.) пайдалану ынталандырылады.

«Соғыс жаңғырығы!» қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы, олардың ерлік әрекеттері туралы;

Қазақстанда қалыптасқан жауынгерлік бағыттар; **«Тарихи мұра»** материалдық және құжаттық ескерткіштер арқылы қол жетімді, туған жердің тарихы туралы. Бұл тақырыптың шеңберінде тарихи оқиғаларды, процестерді тану, осы оқиғалар мен процестерде тарихи тұлғалардың рөлін анықтау мүмкін.

3) Саптардың және әндердің көрінісі.

Командалар қару-жарақсыз саптық әдіс-тәсілдерді орындайды.

1. Команда алаңның ортасына шығады және 1 қатарға тұрғызылады.

2. Команданың дайындығы туралы есебі және баяндалуы. Сәлемдесу. Команда жетекшісіне есеп беріледі.

3. Бір қатысушының (қыз бала) саптан шығуы, қатарға тұруы. Бір қатысушының (ұл бала) саптан шығуы, басшыға баруы және қатарға тұруы.

4. Бір орында тұрып айналу.

5. Қозғалыстағы айналуның 2 элементін орындау жеткілікті.

6. Бөлімше құрамында салтанатты маршпен жүріп өту, қозғалыстағы әскери сәлемдесу.

Бұйрықтарды бөлімше командирі береді. Қатысушылардың бірыңғай дағдыларын, жауынгерлік үйлесімін бағалау, командалық әнді орындау және салтанатты маршпен өту. Міндетті шарт – командаларды мемлекеттік тілде ұсыну.

4) Атыс даярлығы.

1. Пневматикалық мылтықтан спорттық атыс бойынша жаттығу. Қатысушылар – 2 ұл және 2 қыз. Атыс ашық нысанасы бар пневматикалық винтовкадан жүргізіледі. Ату дистанциясының арақашықтығы – 10 метр № 8 «П» спорттық нысана. Атыс жайы - тірекпен тұрып ату. Атыс саны - 8 (байқау атысы - 3, есепке алынатын атыс - 5). Атуға бөлінген уақыт – 10 минут.

Командалық есеп нәтижесіне қосынды ұпай кіреді, егер ұпай тең болған жағдайда ондыққа көп тигізген командаға жеңіс беріледі.

Бірдей командалық ұпайлар мен жеке біріншіліктер болған жағдайда, орындар ату бойынша жарыс ережелеріне сәйкес айқындалады.

2. «АК-74 бөлшектеп бұзу және жинау» нормативін орындау: қатысушылар - 1 ұл, 1 қыз.

Жеңімпаз нормативті орындауға жұмсаған ең аз уақыт бойынша анықталады. Әр қатысушының уақыты командалық нәтижені белгілеу үшін жинақталады. Бөлшектеу және жинау уақыты бөлек тіркеледі.

АК-74 толық емес бөлшектеу» нормативін орындау тәртібі. Қару үстел үстінде жатады:

-Оқжатарды бөлектеу;

-Оқтықта оқтың бар-жоғы тексеріледі;

-Жабдықтар пеналын дүм ұясынан шығару;

-Сүмбіні алу;

-Автоматтан - ұңғылық тежеуіш-компенсаторын бөліп алу;

-Ұңғы қорапшасының қақпағын бөлектеу;

-Қайтармалы механизмді бөліп алу;

- Бекітпемен қоса, бекітпе жақтауын алу;

- Бекітпені бекітпе жақтауынан алу;
- Ұңғылық бастырмасымен газ түтігін босатып алу.

"Толық емес бөлшектенгеннен кейін қаруды жинау тәртібі"
нормативін орындау тәртібі. Қару үстел үстінде жиналады:

- Газ түтікшесін ұңғы бастырмасымен қосу;
- Бекітпені бекітпе жақтауына қосу;
- Бекітпемен қоса бекітпе жақтауын ұңғы қорабына қосу;
- Қайтармалы механизмді қосу;
- Ұңғы қорабының қақпағын қосу;
- Шүріппені ұрыстың қайырмасынан босатып, сақтандырғышқа қою;
- Автоматқа ұңғылы тежеуіш-компенсаторды қосу;
- Сүмбіні қосу;
- Пеналды дүм ұясына салу;
- Оқжатарды автоматқа қосу.

НОРМАТИВТІ ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДА РЕТТІЛІГІН БҰЗҒАН КОМАНДАНЫҢ УАҚЫТЫНА ҚОСЫМША 2 СЕКУНД ҚОСЫЛАДЫ.

3. «АК-74 жарағының қорабы» нормативін орындау: қатысушылар- 2 (1 ұл, 1 қыз).

Жеңімпаз нормативті орындауға жұмсаған ең аз уақыт бойынша анықталады. Әр қатысушының уақыты командалық нәтижені белгілеу үшін жинақталады.

5) Әскери кросс.

Бүкіл команда қатысады. Киім формасы-бас киім, далалық киім формасы, қайыс белдік және спорттық аяқ киім. Кросс дистанциясы ұлдарға - 2000м, қыздарға-1500 метр, 2 учаскеге бөлінген (старт, жүгіру 700 м, 35 метрге шекара сыртына 500 гр граната лақтыру, жүгіру – 700 м, шағын калибрлі винтовкадан ату, жүгіру 600 м.-мәре). Қыздар мен жігіттердің басталуы бөлек, әр 2 минут сайын үздіксіз түрде.

Нәтижелер уақыт және әскери кросс шарттарын орындау сапасы бойынша анықталады.

6) Турникке тартылу 5 ұл қатысады, жалпы саны бойынша көп тартылған команда жеңіске жетеді. Иық бос, арқа түзу болуы тиіс, иекті белтемірден асыру, шайқалмай, жүлқынбай тартылу міндетті. Белтемірден иек жоғары өтіп және бастапқы қалыпқа қайтып оралған кезде жаттығу орындалған болып есептеледі. Жаттығуды орындау кезінде қолдарды айқастыруға болмайды. егер осы шарттар орындалмаса, ұпай санына есептелмейді;

7) Шалқалап жатып, денені көтеру (пресс) 2 қыз қатысады. Нәтижелер жеке және топтық жіктеуде анықталады. Шалқасынан жатқан күйден денесін көтеру, аяқ тізеден 90 градус бұрышқа бүгіліп, алақан иықта және табаннан серіктестің ұстап тұруымен орындалады;

8) Жүзу (эстафета) Бүкіл команда қатысады, 25 м арақашықтыққа, эстафета түрінде өткізіледі 8X25. Біріншілік ең аз уақыт жұмсау бойынша беріледі.

Ескерту: 1. Жүзе алмайтын қатысушыларға қатысуға қатаң тыйым салынады.

2. Қатысушының 2-ден және одан артық кезендерге қатысуға тыйым салынады.

5. Қаржы шығындары және марапаттау

Қатысушылардың шығыны (жолы, тамағы, жататын орны) жіберуші мекеме есебінен. Жеңімпаз, жүлдегер командалар Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының тиісті диплом, медальдарымен марапатталады.

Ұйымдастыру алқасы

Тел: 27 24 09

Үлгі

«Жас Ұлан» әскери-патриоттық клубтарның облыстық слетіне қатысуға

ӨТІНІШ

Білім беру ұйымы _____
(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы _____


Команда жетекшісі _____
(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)

Қатысушылар тізімі

№ р/р	Аты-жөні, тегі (толығымен)	Туған күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді	Оқу орны. Байланыс телефоны	Дәрігердің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқан қолы
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшысыларының қолы, мөрі

**«Жас Ұлан» әскери-патриоттық клубтарның облыстық слетіне
қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



Спорт түрі _____

(Мектептің мөрі бұрышына басылады)

М.О. мектеп, колледж

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Спорт разряды _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры (колледж) _____

(Т.А.Ә. қолы)